



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

*21.05.2022 № 192*  
Астана қаласы

город Астана

**«Тәуекел дәрежесі өлшемшарттарын есептеудің кейбір мәселелері туралы»  
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер  
комитеті төрағасының 2022 жылғы 25 қарашадағы № 693 бұйрығына  
толықтырулар енгізу туралы**

Қосылған құн салығының асып кетуін қайтару кезінде салықтық әкімшілендіруді жақсарту мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Тәуекел дәрежесі өлшемшарттарын есептеудің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитеті төрағасының 2023 жылғы 25 қарашадағы № 693 бұйрығына мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген, Тәуекел дәрежесі өлшемшарттарын есептеу тәртібі:

мынадай мазмұндағы 29-тармақпен толықтырылсын:

«29. Оңайлатылған тәртіппен қайтаруға жататын ҚҚС асып кету сомасын айқындау кезінде тәуекел дәрежесі өлшемшарттарын есептеу мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

ҚҚС асып кетуін қайтару туралы талап көрсетілген ҚҚС бойынша ұсынылған декларация күнінен бастап соңғы 12 (он екі) ай ішінде аяқталған ҚҚС асып кету сомаларының анықтығын растау бойынша тақырыптық тексеру нәтижелері бойынша;

2019 жылғы 1-тоқсанынан бастап ҚҚС бойынша декларацияда көрсетілген ҚҚС асып кетуін қайтару туралы талаптардың негізінде жүргізілген ҚҚС асып кету сомаларының анықтығын растау бойынша тақырыптық тексерулердің нәтижесі бойынша жүзеге асырылады. Бұл ретте, ҚҚС асып кету сомасының анықтығын растау бойынша барлық тақырыптық тексеру бойынша қайтаруға ұсынылғаннан ҚҚС асып кетуінің расталған сомасының орташа үлес салмағы есептеледі.

Балл мынадай тәртіппен беріледі:

1) қайтаруға ұсынылғаннан ҚҚС асып кетуінің расталған сомасының (орташа) үлес салмағы кемінде 70 (жетпіс) пайызды құрайтын салық төлеушілерге – 210 балл беріледі;

001663

2) қайтаруға ұсынылғаннан ҚҚС асып кетуінің расталған сомасының (орташа) үлес салмағы кемінде 70 (жетпіс) пайызды құрайтын деңгейлес мониторинг бойынша пилоттық жобаға қатысушы-салық төлеушілерге – 240 балл беріледі.

Осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларының шарттарына сәйкес келмеген кезде және тақырыптық тексерулер шеңберінде өлшемшарттарды есептеу кезінде тәуекел дәрежесі өлшемшарттарын есептеудің жалпы тәртібі қолданылады.».


2. Комитеттің Салықтық әкімшілендіру департаментінің Қосылған құн салығын әкімшілендіру басқармасы (Е.С. Әзімшайық) Комитеттің интернет-ресурсында орналастырсын.

3. Комитеттің Персоналды басқару және ішкі әкімшілендіру департаментінің Ұйымдастыру-бақылау басқармасы (Ш.А. Тобатаев) осы бұйрықты Комитеттің құрылымдық бөлімшелері мен аумақтық органдарының назарына жеткізсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Комитет төрағасының орынбасары С.А. Ахметовке жүктелсін.

5. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Төраға



Ж. Дүйсембиев